



ЖАҚСЫ
АДАМ –
АДАЛДЫҚТЫҢ
АЛТЫН ТАҒЫ

4-бет



«ДӘРІГЕР –
АДАМДЫ,
ЗАҢГЕР –
ҚОҒАМДЫ
ЕМДЕЙДІ»

5-бет



ӘРБІР ЗАҢ
ҚАЗАҚ
ТІЛІНДЕ
ЖАЗЫЛУЫ
ТИІС

6-бет

zangazet@mail.ru

№13 (3544) 17 ақпан 2023

ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰРПАҚ ҚАЖЕТІНЕ ЖАРАСА ИГІ



Ұлттық қордан бөлінген қаражат бақылауға алынбақ. Яғни, өскелең ұрпақ үшін жинақталып жатқан бұл қаржы егер трансферт ретінде бюджет тапшылығын жоюға тартылса, оның мақсатты, заңды және тиімді пайдаланылуы жіті назарда болады. Бұл шараны Қаражаттың жұмсалыуын бақылау және мониторингін жөніндегі комиссия жүзеге асырады. Оның жұмыс органы – ҚР Жоғары есеп палатасы.

(Соңы 3-бетте)

СӨТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мәлік Кенжалиев,
ҚР Сот әкімшілігінің Батыс
Қазақстан облысы бойынша
департаментінің басшысы

«СОТ ӘКІМШІЛІГІ - ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНЫҢ ТЫЛЫ»

– Елімізде Сот әкімшілігі деген жаңа мемлекеттік құзырлы орган пайда болды. Осы мекеменің облыстағы аймақтық департаментін басқарғаныңызға алты айдан асты. Реформа аясында жаңғырған жаңа мекеменің бағыт-бағдары, басты міндеті қандай?

– Былтыр шілде айында БҚО бойынша Соттар әкімшісінің басшысы қызметіне тағайындалдым. Айта кетейін, Сот әкімшілігінің мақсат-міндеті – сот әкімшілігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және жетілдіру, сот төрелігін толық және тәуелсіз іске асыру үшін судьяларға жағдай жасау, сот жүйесі мен сот қызметін жетілдіруге бағытталған жүйелі реформаларды әзірлеу. Жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету де басты міндет. Міне, судьялар корпусының материалдық жағдайын жақсартудан бастап, құқықтық тұрғыда сот төрелігін дербес жүзеге асыру үшін іргелі жұмыстар атқаруымыз керек.

– Сот ғимараттарын жаңартып, жаңғыртуға кіріскеніңізді БАҚ бетінен біліп отырмыз. Бұл жұмыстар жалғасын таба ма?

– Соттар әкімшісі басшысы қызметіне тағайындалған соң, облыстық сот төрағасымен және судьялармен кездесіп, біраз мәселені талқыладық. Одан кейін көп ұзамай облыс орталығынан қашық орналасқан аудандарға аттанып кеттім. Аудандық соттардың ғимараты мен олардың жабдықталуы, тіпті, жиһаздарына дейін сын көтермейтін жағдайда екеніне көз жеткіздім. Басты себептің бірі – облыс орталығында орналасқан аппараттың шалғайдағы аудан орталықтарында орналасқан сот кеңселерімен қарым-қатынасы төмен деңгейде, мүлдем көңіл бөлінбейтіні анықталды.

ҚР Жоғарғы Соты департаментінің ықпал етуімен алыс аудандардағы 14 сот ғимаратына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

(Соңы 5-бетте)

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ҚҰТҚАРУШЫЛАР ЕЛМЕН БІРГЕ

Өзгелер үшін өз өмірін қауіпке тігу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Десек те, қоғамымызда құтқарушы мамандығын қалап, міндетін адалдықпен атқарып жүргендер аз емес. Осы ретте төтенше жағдайлар қызметінің мамандарын ерекше атауға болады. Олардың өз ісіне адалдығы тосыннан келер табиғи және техногендік сипаттағы апаттарда халық қауіпсіздігін алдыңғы орынға шығаруынан көрінеді. Мұны айтуымызға Алматы облысы Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағашта орналасқан Азаматтық қорғаныс жүйесіндегі Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлім жұмысымен танысып қайтуымыз себеп болып отыр.



Аталған әскери бөлімнің 50 жылдық тарихы бар. «Елу жылда ел жаңа» дегенді, жарты ғасырға жуық уақыт ішінде қаншама ұрпақ ауысты. Қай буын өкілі болмасын айбынды жауынгерлердің еліміз бен байтақ жеріміздің қауіпсіздігі үшін айтып келмейтін апаттарға қасқайып қарсы тұра білгеніне тарих куә. Қазіргі күні 28237 әскери бөлімін майор Кеңбейлов Бағлан Талғатұлы басқарып отыр. Даңқты қолбасшының есімі 1995 жылы

иеленген әскери бөлімнің жұртшылық аузында «Бауыржаншылар» аталып кетуі де заңдылық. Өйткені, олардың төтенше жағдайды жою мен құтқару жұмысын жүргізудегі ерлігі ерен. Осы бөлімнің жүзден аса әскери қызметшісінің әртүрлі дәрежедегі орден-медальмен марапатталуы да соның айғағы. Арыға бармай-ақ, тәуелсіздік жылдарындағы бөлімнің жеке құрамдағы еңбегін айтсақ, олар 1993 жылы Алматы қаласында тырысқақ індетін жоюға қарсы, сондай-ақ, 1994 жылы Байқоңырдағы газ жарылысынан бес қабатты үйдің тұрғындарын құтқаруға белсене атсалысты. Бұдан кейін Алакөл ауданында орналасқан Қазақ-Қытай шекарасында болған алапат өртті ауыздықтады. 1999 жылы ракета тасымалдаушы «Протон-3» апатының, 2003 жылы Жамбыл облысының Құлан ауылында болған жер сілкінісінің зардабын жоюға қатысты. Одан беріде Қызылағаш елді мекеніндегі су тасқынында жергілікті тұрғындарды құтқарып, күні-түні көмек көрсетті. Бұл әскери бөлім қызметкерлері тарапынан атқарылған қыруар шаруаның бір парасы ғана.

(Соңы 4-бетте)

ҚОРЫТЫНДЫ

ТӨРАҒА ЖАҢА МІНДЕТ ЖҮКТЕДІ

Атырау облыстық соты өткен жылдың жұмысын қорытындылады. Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Тәтті Уалиеваның айтуынша, 2022 жылы облыс соттарында 1 273 тұлғаға қатысты 1 085 іс қаралған, оның ішінде 968 тұлғаға қатысты 817 іс үкім шығарумен аяқталып, 946 тұлға сотталған, 22 тұлға ақталды. Медиатордың қатысуымен 33 қылмыстық іс қаралды (20,5%).



Былтыр 13 703 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Соның ішінде 332 іс апелляциялық сатыға түсіп, нәтижесінде 30 қаулының күші жойылып, 16 қаулы өзгертілді. Медиацияны қолданумен 618 іс қаралды. Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мәтен Ерғазиев азаматтық істерге тоқталды. Былтыр облыс соттарында 12 480 азаматтық іс қаралып, 6 990 іс бойынша шешім шығарылған. Татуластыру рәсімімен 1 981 іс аяқталған. Сотқа дейінгі хаттаманы қолданумен 1 233 іс қаралды. Шағым келтірілген 877 шешімнің ішінен апелляциялық тәртіпте 80 сот актісінің күші жойылып (1,3%), 101-і өзгертілді (1,4%). Азаматтық істер бойынша облыс соттарында 101 жеке ұйғарым шығарылды.

Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Сағат Хасанның айтуынша, 2022 жылы облыс соттарымен 750 әкімшілік іс қаралған, оның ішінде шешім шығарумен 320 іс аяқталған. Қанағаттандырылғаны – 239 (74,7%), қанағаттандырудан бас тартылғаны – 81 (25,3%). Татуластыру рәсімімен 108 әкімшілік іс қаралды (13%). Әкімшілік істерді қарау

нәтижесі бойынша 9 ақшалай өндіріп алу қолданылып, 31 жекеше ұйғарым шығарылды.

Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшысы Гүлжан Жұмағалиева соттардың инфрақұрылымдық және материалдық қамтамасыз етілуі туралы ақпарат берді. Сондай-ақ, Президент Сот әкімшілігі туралы ережені бекіткенін айтып өтті. Соттардың тәуелсіздігін нығайту және азаматтардың сенімін арттыру мақсатында Жоғарғы Соттың департаменті жаңа орталық мемлекеттік органға айналды.

Кеңес жұмысын облыстық сот төрағасы Бауыржан Жұмағұлов қорытындылады. Сот реформасы, заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы сөз қозғаған облыстық сот төрағасы облыс соттарымен сот төрелігінің жүзеге асырылу сапасына жеке тоқталды. Сондай-ақ, судьялар корпусының алдына 2023 жылға жаңа мақсат-міндеттер жүктеп, сот жүйесін жетілдіру бойынша алдағы перспективалық жоспарлар туралы айтты.

Мейрамгүл ӨТЕҒҰЛОВА,
Атырау облыстық сотының
баспасөз хатшысы

ДІН

ЖАЛҒАН СӘЛӘФИЛІК – ҚАУІПТІ АҒЫМ

Соңғы жылдары «сәләфтардың жолын ұстанамыз» деген ұранды бүркемелеп, өздерін сол жолда санайтын жалған сәләфилер көбейді. Олар: «сенім тұрғысы мен үкімдік амалдарды қазіргі заманға енгізуіміз қажет», – дегенімен, шын мәнінде көзқарастары XVIII ғасырдың ортасында өмір сүрген Нәждтік Мұхаммед ибн Абдуллаһнабыттың пікіріне негізделген. Ал Мұхаммед ибн Абдуллаһнабыттың көзқарасы болса дініміздегі алғашқы жікке бөлінуді тудырған «Хауариж» ағымына барып тіреледі. Бұл ағым өкілдері діни мәселенің шешімін табу барысында тек аят және хадистің өз сеніміне қайшы болмаған тұсын алып, мәселенің жауабын тапқандай үстірт қарайды.

Сәләфизм идеологиясын қолдаушылардың негізгі мақсаты – Құран мен сүннетті сақтаған сынай танытып, 13 ғасырға жуық Ислам үмбетінің бірлігін қамтамасыз етіп келе жатқан фикһ мектептерін түп-тамырымен жою.

Жалған сәләфилер әлемнің қай түкпіріне барса да мұсылмандар арасында түсініспеушілік, келіспеушілік пен алаңдаушылық туындатады. Бүгінде олардың негізгі ұстанымы әһлі сүннә уәл жамаға көзқарасынан ауытқып, сахабалар мен олардың ізбасарларының жолында емес екендігі дәлелденді. Олардың негізгі пікірлерінің ақылға қонымсыз екендігін дәлелдеу мақсатында, түрлі ғылыми еңбектер ғалымдар тарапынан жарияланды. Мәселен, XIX ғасырда өмір сүрген белгілі үнді ғалымы Мұхаммед Сыддық Хасан әл-Қанужжи (1832–1890 жж.) өзінің «Тақлидуль-а-имма» атты кітабының 16-17-беттерінде жалған сәләфилер туралы: «Қазір «Құран мен хадисті білеміз, ұстанамыз», – деген екіжүзді, атақұмар топ пайда болды... Өздерін «ең шынайы, ең тақуа», – деп, басқаларды

көпқұдайшыл деулері таң қалдырады. Олар көрсөңірлық пен адасушы адамдар. Бұл діннен емес, жер бетінде таралған қастандық және үлкен бүлік», – деп пікір білдірген.

Өткен ғасырдың көрнекті ғұламаларының бірі, марқұм шейх Мұхаммед Саид Рамазан әл-Бути өзін «сәләфиміз» деп атаушы топқа жауап ретінде «Сәләфилік – исламдық мәзһаб емес, берекелі дәуір кезеңі» атты еңбегінде былай дейді: «Ислам тарихының соңғы он төрт ғасырында біз құрметті имам немесе ғұламалардан: «Мұсылмандардың туралықта болу құжаты «Сәләфилер» деп атайтын топқа жатады» дегенді естіген жоқпыз. «Сәләфи» деп аталатын топқа жатудың өзі бидғат болып саналады».

Қорытындылай келе, ата-бабаларымыз, жалпы мың жылдық момын-мұсылмандардың баршасы әһлі сүннә уәл жамаға ұстанымында болған. Алайда XX ғасырдың ортасына қарай сүннет жолын ұстанған (әһлі сүннә уәл жамаға) жамағаттан ауытқыған қазіргі «уаһһабизм» жүйесінен жалған сәләфизм пайда болды. Ислам ғұламаларының ғасырлар бойы жасаған еңбектері мен жетістіктерін жоққа шығарып: «Тек «сәләфи салихтар» дәуірін берік ұстану керек», – деген ойларын білдіруінің өзі жалған сәләфизмнің тар сипатын көрсетеді. Қоғам арасында мұндай ағымдар қатарына біліп-білмей еріп кетіп жатқан азаматтардың бар екендігі – діни жат ағымның түп-тамырын зерттеп, оның шынайы болмысын ашып, халыққа ұғындыру кезек күттірмейтін мәселе екендігін айғақтайды.

Б.ШАЙМЕРДЕН,
Түркістан облысының діні істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің Жетісай ауданындағы маманы

ҚҰҚЫҚ

ЗАҢ ЖӨНЕ ЗАМАН

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңы 1 наурыздан бастап қолданылады. Құжат азаматтар төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынасты реттейді, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін, сондай-ақ, соттан тыс және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдануға арналған негіздерді, оларды жүргізу тәртібі мен шартын белгілейді.

БАНКРОТ ДЕП ТАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Заң дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан азаматының төлемге қабілетсіз болуына байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады. Ал, дара кәсіпкерлерде туындайтын қатынастар еліміздің оңалту және банкроттық туралы заңнамасында реттеледі. Заң талабына сай, соттан тыс банкроттық рәсімі айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын міндеттеме болған кезде қолданылады. Ол мынадай талаптарға сәйкес болу керек:

1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы;

2) арызда көрсетілген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы;

3) борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банкрот және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына сәйкес келу.

Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану уәкілетті органға арыз беру арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе де, борышкер уәкілетті органға арыз беруге құқылы. Сондай-ақ, егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге дейін бес жылдан асса, жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе де, борышкер арыз беруге құқылы.

Сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, егер борышкердің айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелері болса, және кредиторлар алдындағы міндеттемелер арыз берер алдындағы он екі ай ішінде өтелмесе, борышкерге қатысты шара «Қазақстан Республикасындағы банкрот және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және

өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі шарттарына қарай іске асырылады. Сонымен қатар, арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісінің болмауы сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады.

Бұдан бөлек, барлық міндеттеменің мөлшері (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) өзіне тиесілі мүліктің құнынан аспайтын болса борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арызбен ғана сотқа жүгінуге құқылы. Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін және сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану, сондай-ақ, бітімгершілік келісім жасасу туралы арызды осы заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, азаматтық сот ісін жүргізудің жалпы қағидалары бойынша қарайды.

А.НҰРБЕКОВ,
Алматы қалалық
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

БІТІМ

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ

Азаматтық іс жүргізу кодексіндегі «Татуластыру рәсімдері» деген тарауда дауды медиация тәртібімен реттеудің тәсілдері егжей-тегжейлі регламенттеледі. Осы кодекстің 174-бабына сәйкес сот тараптарды татуластыру үшін шаралар қабылдайды, оларға процестің барлық сатыларында дауды реттеуге жәрдемдеседі. Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді жасай отырып не АІЖК-де белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

Татуласу келісімі басқа тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұза алмайды және заңға қайшы келмейді, әрі оны сот бекітеді. Татуласу, келісім жазбаша нысанда жасалады, оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды және онда оны орындаудың мерзімі мен тәртібі көрсетіле отырып, тараптар келіскен шарттар қамтылуға тиіс. Кейінге қалдыру шартымен бітімгершілік келісім жасасуға жол берілмейді. Егер бітімгершілік келісімде сот шығыстарын бөлу туралы шарт болмаса, олар өзара өтелген болып есептеледі.

Медиацияны жүргізетін судья медиация өткізілетін күнді тағайындайды және тараптарға оның



өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарлайды. Дауды (дау-шарды) реттеу туралы келісім оған тараптар қол қойған күні күшіне енеді, медиация тараптары оны келісімде көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде ерікті түрде орындауға тиіс. Мұндай келісім орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, келісімді бұзған медиация тарапы Қазақстан заңдарында көзделген тәртіппен жауаптылықта болады.

Партисипативтік рәсім екі тараптың адвокаттарының дауды реттеуге жәрдемдесуімен судьяның қатысуынсыз жүргізіледі. Судья келісімнің мазмұнын тексереді және оны бекіту, іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы ұйғарым шығарады. Егер тараптар татуластыру рәсімдері тәртібімен келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісім шартын бекітпесе, істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Дауды татуластыру рәсімдерін қолдана отырып шешкен кезде сот талап қоюшыға талап қою арызын берген кезде өзі төлеген мемлекеттік баж салығын қайтарады.

К.АЙТЖАНОВ,
Октябрь аудандық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ

АЛҚАБИДІҢ ЖҰМЫСЫНА АҚЫ ТӨЛЕНЕДІ

Алқаби – заңда белгіленген тәртіппен соттың қылмыстық істі қарауына қатысуға шақырылған және ант берген Қазақстан азаматы. Алқабиге кандидаттар тізімін жергілікті атқарушы орган жасайды. Бұл тізім жыл сайын 1 желтоқсанға дейін ұсынылады.

Алқаби міндетін орындаушының негізгі жұмыс орны сақталады. Алқаби міндетін атқарушыны жұмыс беруші бастамасымен жұмыстан босатуға немесе оны аз ақы төленетін жұмысқа ауыстыруға жол берілмейді. Алқаби міндетін атқарған уақыт еңбек өтілін есептеу кезінде есепке алынады.

Алқабидің істі қарауға байланысты: істі қарау кезінде сот отырысы залынан кетуге; істі қарау кезінде

төрағалық етушінің рұқсатынсыз сот мүшелері болып табылмайтын адамдармен байланысуға; сот отырысынан тыс іс жүргізу барысында ақпарат жинауға; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметті жария етуге, кеңесу бөлмесінің құпиялылығын бұзуына тыйым салынады.

Алқабидің өз міндеттерін орындамауы, сондай-ақ, осы бапта көзделген шектеулерді сақтама-

уы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ, төрағалық етушінің алқабиді сот отырысынан шеттетілуіне әкеп соғады. «Алқабилер туралы» заңның 12-бабы 1-тармағының негізінде азаматтар жергілікті атқарушы органға нақты тұлғалардың бастапқы немесе алдын ала резервтік тізімге заңсыз енгізілгені немесе енгізілмегені туралы арызбен жүгінуге құқылы. Сотқа шақырылған, бірақ алқабиге таңдалмаған адамдар басқа сот отырысына алқабилер ретінде қатысуға шақырылуы мүмкін.

Алқабиге кандидатқа Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде іссапар шығысы өтеледі. Сондай-ақ, еңбекақы белгілі бір істі қарау аяқталғаннан кейін төленеді.

Әсел САЛИХОВА,
Жәнібек аудандық сотының
кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҰЛТТЫҚ ҚОР ҰРПАҚ ҚАЖЕТІНЕ ЖАРАСА ИГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде әлемдегі күрделі экономикалық жағдайдың Қазақстан экономикасына теріс әсер етуін ескере отырып, Ұлттық қор қаражатын ұтымды және тиімді пайдалану барысы алаңдатып тұрған жайы бар. Соңғы бірнеше жылда бұл мәселе өте өзекті тақырыпқа айналды. Бұны Ұлттық қор активтерінің 2013 жылдан бастап, 2022 жылға дейін 70,7 млрдтан 55,7 млрд АҚШ долларына дейін төмендеу үрдісі айғақтайды. Сондықтан ел Президенті Ұлттық қор ресурстарын тиімсіз жұмсау тәжірибесін тоқтату міндетін үкіметтің алдына қойды.

Бүгінгі таңда жаңа экономикалық бағыттың басымдықтарының бірі – ұлттық кірісті әділ бөлу. Бұл орайда әр отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты пайда табуы керек. Осы мақсатта ел Президенті жариялаған балалар жылы аясында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың логикасына және «әділ Қазақстан» идеясына сәйкес келетін «Ұлттық қор – балаларға» деген бағдарлама түзуді тапсырған болатын. Мәселенің әлеуметтік маңызы өте зор. Осы сейсенбіде Сенаттың Қаржы және бюджет комитеті ұйымдастырған кездесуде Ұлттық қордан қаражатты пайдаланудың тиімділігі мен жаңа тәсілдері әңгіме

өзегіне айналды. Оған бұл процеске тікелей қатысатын мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылды.

Жиында баяндама жасаған Қаржы вице-министрі Дәурен Темірбековтың айтуына қарағанда Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі мемлекеттік қаржыны басқару тұжырымдама-

біріншісі, Ұлттық қордан кепілді трансферт көлемін азайтуға бағытталған. Яғни, бұл мақсатта 2023 жылға – 2,2 трлн теңге, 2024 жылға – 2 трлн теңге және 2025 жылға – 1,9 трлн теңге сомасында қаржы тарту көзделді.

Республикалық бюджет шеңберінде 2023–2025 жылдарға ар-

Бала туған кезде Әділет министрлігінің жеке тұлғалардың деректер базасы негізінде шоттар автоматты түрде ашылады. Жыл сайын 1 қаңтарда 18 жасқа дейін шоттарға ақшалай қаражатты шартты түрде есептеу жүргізіледі. Қаражатты мақсатты пайдалану үшін уәкілетті операторларды айқындау ұсынылып отыр.

сына сәйкес Ұлттық қор қаражатын тиімді пайдалану үшін мына мәселелерді шешу керек. Қор активтерін тұрақтандыру және оның одан әрі қысқаруына жол бермеу, теңгерімді бюджетті қамтамасыз ету және бюджеттің мұнай кірістеріне тәуелділігін төмендету, шикізаттық емес тапшылықты азайту. Ұлттық қордың активтерін басқару тиімділігін арттыру. Сонымен қатар, Бюджет кодексі бойынша екі контрциклдік бюджет ережесі бекітілмек. Оның

налған кепілдендірілген трансферт кесімді баға бойынша мұнай секторындағы ұйымдардан Ұлттық қорға түсетін түсімдер сомасынан аспайтын мөлшерде жоспарланған. Айта кету керек, Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мүмкін болатын шекті көлемін есептеу үшін қолданылатын кесімді баға мұнай баррелінің 48,9 доллар деңгейіндегі бағамына тең.

Екінші ереже, республикалық

бюджет шығыстарының өсуін инфляцияның мақсатты көрсеткішіне ұлғайтылған ұзақ мерзімді экономикалық өсу деңгейіне дейін шектейді және бюджет шығыстарының өсу қарқынын тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Ал, «Балаларға арналған ұлттық қор» жобасы бойынша мына мәселелер белгілі болды. Ұлттық қордың инвестициялық кірісінің 50 пайызы 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балаларға бөлінеді. Белгілі бір уақыт кезеңдерінде инвестициялық кірістің ықтимал теріс мәндерін теңестіру үшін инвестициялық кіріс нормасын алдыңғы кезеңдердің орташа жылдық мәні негізінде анықтау жоспарлануда. Болжалды бағалауларға сәйкес, бұл тәсіл осы бағдарламаға туғаннан бастап қатысатын балаға 150-160 АҚШ доллары көлемінде 18 жылдық төлем алуға мүмкіндік береді. Ақша Ұлттық қорда қалып, қаржы құралдарына салынады. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асырудағы көпжылдық тәжірибені ескере отырып, жоба операторына «Бірлескен жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ тағайындалмақ.

Бала туған кезде Әділет министрлігінің жеке тұлғалардың деректер базасы негізінде шоттар автоматты түрде ашылады. Жыл сайын 1 қаңтарда 18 жасқа дейін шоттарға ақшалай қаражатты шартты түрде есептеу жүргізіледі. Қаражатты мақсатты пайдалану үшін уәкілетті операторларды айқындау ұсынылып отыр.

Шотта жинақталған қаражатты тек 18 жасқа толғанда ғана пайдалануға болады. Жобаға қатысушылар Қазақстан азаматтары. Сондай-ақ, шоттардағы қаражат салықтан босатылады. 18 жасқа толған кезде шоттардан төлемдер АҚШ долларымен жүзеге асырылады. Осы жастан бастап қаражат баланың меншігі болады, ол қаражатты қалай пайдалану керектігін

(оқу үшін немесе тұрғын үй сатып алу үшін) дербес шешуі керек. Бұл ретте шетелдік оқу орнында оқу ақысын төлеуге қаражатты пайдалануға тыйым салынады. Тұрғын үй сатып алу үшін қаражатты тек Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл қаражатқа сатып алынған тұрғын үйлерді қайта сатуға шектеу жоқ.

18 жасқа толмаған бала елден шығып, Қазақстан азаматтығын өзгертсе, төлемді талап ету құқығы жоғалады. Онда қаражат барлық балалар арасында қайта бөлінеді. Егер 18 жасқа толмаған бала азаматтығын өзгертпей елден кетсе, төлемдерді талап ету құқығы сақталады. 18 жасқа толғанда шоттағы қаражат 5-10 жыл бойы сақталады. Егер қаражат 5-10 жыл ішінде талап етілмесе, шоттағы қаражатты зейнетақы шотына аудару ұсынылады. Азаматтық заңнамаға сәйкес нақты жинақталған қаражатты мұрагерлік жолмен беру мүмкіндігі қамтамасыз етілмек. Бала әрекетке қабілетсіз болған жағдайда Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен ата-аналарға, қорғаншыларға қаражатты пайдалануға беруге құқылы.

Жалпы, жобаны ұсынылған алгоритм бойынша іске қосу үшін заңнамаға өзгерістер енгізумен қатар дайындық жұмыстарын жүргізу қажет. Осыған байланысты құзырлы орын мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар әзірледі. Түзетулер жоба шеңберінде балаларға төлемдерге Ұлттық қор қаражатын пайдалану механизмін енгізу, осы соманы салық салынатын базадан алып тастау, бала қайтыс болған жағдайда мұрагерлік құқықтар, қамауға алынған қаражатты болдырмау, қалпына келтірудің алдын алу және басқа да болуы мүмкін шектеулерді қамтиды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



ПӘРМЕН

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Бас прокуратураның баспасөз қызметінің хабарлауынша, Алматыда «QI Trade Kazakhstan» (QaratInvest) қаржы пирамидасының 15 ұйымдастырушысы сотталды. Оның бас кеңсесі Алматыда, ал өңірлерде 12 бөлімшесі жұмыс істеген.



Қаржы пирамидасына «AMAZON» (АҚШ) бүкіләлемдік алаңында сауда жасау деген атпен, сенімгерлік басқару негізінде салымшылар пайыз түрінде кіріс алу үшін ақша салып отырған. Оларға салым сомасына байланысты 96% жылдық пайда уәде етілген. Соның салдарынан 1345 азаматқа 6,3 млрд теңгеден астам шығын келтірілген. Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының үкімімен қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға 6 жылдан 7 жылға дейін жаза тағайындалды. Сондай-ақ, қаржы пирамидасының халықаралық іздеуде жүрген жетекшілерінің бірі Польшадан экстрадицияланды. ҚР Бас прокуратураның өтінішін Польшаның

Әділет министрлігі қанағаттандырды. Қазіргі уақытта Астанадағы уақытша ұстау изоляторына қамалған ол қылмысы дәлелденсе 5 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Осы арада айта кететін тағы бір жәйт, ол Қазақстанға Польшадан экстрадицияланған алғаш адам болып отыр.

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі жолдауында: «Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады» десе, араға тура 1 жыл салып 2022 жылы: «Интернет және телефон арқылы

жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ, азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн» дегенді айтқан еді.

Бас прокуратураның 2022 жылға арналған алаяқтық және қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар кешеніне – құқық қорғау және уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын күшейту, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, цифрлық технологияларды енгізу, қолданыстағы нормативтік құжаттарды жетілдіру жөніндегі шаралар кірді. Соның нәтижесінде интернет-алаықтықтың саны 4%, интернет желісі арқылы шағын несиелер беруге байланысты алаяқтықтардың саны 28%, қаржы пирамидаларын құру және басқару фактілері 27% төмендеді.

Мәселен, құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың ақпарат алмасу жүйесі әмбебап сервисі жобасын іске асыру кибералаықтардың 10 қылмыстық тобын әшкерелеуге мүмкіндік берді. Ал интернет-алаықтықтарды ашу және Қазақстанның Еуропа Кеңесінің компьютерлік қылмыстар туралы конвенциясына қосылуы бойынша халықаралық ынтымақтастықты жандандыру жөнінде шаралар шеңберінде Украинаның Ұлттық полициясымен бірге телефон арқылы алаяқтық жасаған 32 адамнан тұратын халықаралық қылмыстық топ жойылды. Сондай-ақ, Бас прокуратураның Қаржылық мониторинг агенттігімен бірлескен әлеуетті қаржы пирамидаларын ерте анықтау тетігі де өз нәтижесін берді. Бұл бағыттағы жұмыстар аясында дивиденттер алу сылтауымен 580 салымшыны заңсыз тарту фактісі бойынша «GAR» компаниясының басшылары қылмыстық жауаптылыққа тартылды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



КӨКЖИЕК



«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРАДЫ

Қазақстанда орта білім сапасын көтеру мәселесі талайдан бері көтеріліп келеді. Осы ретте «Жайлы мектеп» бағдарламасы да қолға алынды. Мемлекеттік жоба аясында алдағы уақытта елдің барлық аймағында 400-ге жуық заманауи мектеп салынбақ. Мұны Оқу-ағарту вице-министрі Шолпан Каринова мәлімдеді.

Аталмыш бағдарламаны талқылау барысында бірінші орынбасар алдағы уақытта салынады деп жоспарланып отырған мектептердің құзыреттілігі жоғары болатынын, сапасы әлемдік стандарттарға лайықталатынын және бұл республикалық деңгейдегі білім саласындағы игілікті бастама болатынын айтты. Жайлы мектептердің техникалық, қауіпсіздік шараларынан бөлек, онда берілетін білім сапасы да жаңа форматқа ойысады. Шолпан Каринованың айтуынша, бұл мектептердегі директордан бастап, қарапайым ұстаздарға дейін заманауи үздік білімге негізделген біліктілік бойынша жұмысқа қабылданады. Олар да арнайы курстардан өтіп, мектептердегі берілетін білімнің үздік деңгейге көтерілуіне атсалысады.

Жайлы мектептерде сыртқы бағалау жүйесі енгізіледі. Алдағы уақыттарда елде мектептердің білім сапасын ұлттық бағалау жүйесі құрылады. Осыған сәйкес, сыртқы бағалау арқылы білім беру деңгейін зерттеп, министрлік барлық сапаны бақылап отырады.

«Жайлы мектеп» идеясы негізінде елдегі барлық педагог ұстаздардың біліктілігін көтеру, бәсекеге қабілетті деңгейге жеткізу іс-шаралары да қолға алынады. Бұл ретте, республиканың біраз аймағында ұстаздардың кадрлық әлеуетін дамыту бағдарламалары тәжірибеге енгізілгенін айта кету керек.

Ж. ҚҰРМАНБАЙ

КЕЛБЕТ

«Ауыр жол атанды сынайды, ауыр іс адамды сынайды» дейді қазақ. Ал төрелік етіп жүрген кез келген судьяның әр қадамы, әр істі қараған сәті үлкен сын. Судьяның көзқарасын, сөйлеген сөзін, дауыс ырғағын, іс-әрекетін бағып, сырттай қадағалап отырған жұрттың көбі күмәншіл, басым бөлігі сынға бейім. Мұндайда таразы басын тең ұстап, қос тараптың да сеніміне ие болған, айтқанына иландыра алған, біліктілігін мойындағанда білген судьяның ғана бәсі жоғары. Әсіресе, көпшілікті қызықтырған шулы істерді қарағанда қазының жауаптылығы бұрынғыдан арта түседі.



«ЖАҚСЫ АДАМ - АДАЛДЫҚТЫҢ АЛТЫН ТАҒЫ»

Үшінші биліктегі тәжірибесін қарапайым сот орындаушысынан бастап Түркістан облыстық сотының төрағасы лауазымына дейінгі сан қилы қызмет баспалдағынан өткен Тұрысбек Мыятбеков өз кәсібінің шебері екенін әлдеқашан мойындатқан. Ағамызбен таныстығымыз Алматы қаласындағы Жетісу аудандық №2 сотында қаралған бір шулы істен басталды. Ол тұста жат ағымдар, терроризм, жихад деген сөздер әлі санамызға сіңісе қоймаған. Діни сенімге деген пікірімізге ешбір кір жұқпаған кез. Аймақтарда бірінен соң бірі орын алған террорлық әрекеттер, жақындарынан жерінген жастар санының артуы, қауға сақал қойып, шолақ шалбар киген жігіттер мен тұмшаланған қыздардың көбеюі қамсыз жатқан қоғамға жат ағымнан келер қауіптің орасан екенін ұқтырған тұс еді. Осылайша діни ор-

талық, бірлестіктер жұмысына бақылау қойылып, әлеуметтік желідегі теріс насихаттың жолын кесуге талаптар қойылған болатын. Қашықта отырып-ақ қармағына қаншама жасты іліктірген діни фанаттардың жымысқы әрекетіне тегеурінді тосқауыл болмаса, жағдайдың тым күрделі екенін жұртшылық ұғына түскен. Қоғамның қызығушылығын тудырған «Террорлық акт жасауға жария түрде үгіттеу» бабына қатысты сотқа жеткен алғашқы істің бірін Тұрысбек Ерболғанұлы қарағаны есімізде.

Ел назарында тұрған бұл іске бұқаралық ақпарат құралдары көп қатысты. Тілшілер әр процесті қалт жібермей қадағалап, оқырманға рет-ретімен ұсынып отырды. Сот залына жиналған тараптардан бөлек, фотоаппарат, камераларымен жан-жақтан төніп тұрған журналистерге алаңдамай процесті жүргізу судья-

ларға оңай емес. Алайда, тәжірибесі мол Тұрысбек Мыятбеков біраз уақытқа созылған іске талапқа сай нүкте қойды. Осы аралықта төрағаның сот отырысын дұрыс ұйымдастырудағы, қатысушыларды ортақ тәртіпке бағындырудағы шеберлігіне куманданған кісіні көрмедік. Бұл судьяның баяғының билеріндей сөзін көпшілікке өткізе алуының, білім-білігімен жұртшылықты сыйлата білуінің нақты көрінісі.

Кейін Жетісу аудандық №2 сотының Алматыдағы балалар үйінің бірін тұрақты қамқорлығына алғанын естідік. Одан бөлек, Тұрысбек Ерболғанұлының зейнеттегі ардагерлермен үнемі хабарласып, қамкөңіл қарияларға қолдан келгенше көмектесіп тұратынын да талай құлағымыз шалған. Сот саласының ардагері Құралай Салимованың аналық ақ тілекпен «Қазақтың «ай-

налайын» деп ерекше еміреніп айтатын баталы сөзі тек осы Тұрысбек ініме арналғандай. Өмір жолымда қаншама адаммен әріптес болдым. Солардың бәрімен қоян-қолтық араласып, табысты да, сынақты да бірге бастан кешірдік. Бірақ көзден кеткен соң ардагерлердің көбі көңілден де кетеді ғой. Сонда бізді туған бауырымыздай іздеп, басымызды қосуға тырысатын жалғыз адам осы Тұрысбек Ерболғанұлы болды» деген сөзі жадымда жатталып қалыпты. Халықтың ұлы, сыйласқанның құлы болған Мыятбековтың Түркістан облыстық сотына төраға болғанда алдымен аймақтағы ардагер судьялардың басын қосып, ілтипат көрсетуінің астарында да осы үлкенге деген құрметі, аға-апаларға деген ізеті жатса керек.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» 2018 жылдан бері детектив шығармалар байқауын ұйымдастырып келеді. Байлты бесінші мәрте өткен байқаудың үздіксіз жалғасуына Тұрысбек Ерболғанұлының да қосқан үлесі аз емес. 2021 жылғы дода қорытындысының рухани астанамызда өтуіне төрағаның өзі тікелей мұрындық болған еді. Кенжелеп

болар, шығарма ішінде полиция қызметкері жүрсе «нағыз детектив осы» дейтіндер аз емес. Қылмыстың күрмеуін тарқатудағы судьялар еңбегін көрсетуге көп қаламгердің батылы бара бермеген. Алайда, төрағаның тілегін жариялаған соң нақты оқиғалар ізімен түркістандық судьялар қараған істер бойынша шығарма жазғандар көп болды. Бұл қолдау көрсетілсе, детектив жанрын жандандыруға болатынына көзімізді анық жеткізді. Және осы талаптың арқасында судьяның кәсіби келбетін ашқан бірталай тың дүние өмірге келді. Олардың бірақтары шығармасынан баспадан шыққан «Шытырман» шығармалар жинағына кірді.

Байқау жүлдегерлерін марапаттау барысында Тұрысбек Ерболғанұлын мықты ұйымдастырушы, жанашыр басшы ғана емес, руханияттың қолдаушысы, іскер адам, жауапты жан ретінде тани түстік. Облыстық сотқа жетекшілік етіп отырған азаматтың байқауға жіберілген әрбір шығарманы ыждағаттылықпен оқып, әрқайсысына жеке пікір, тілек жазғанына тіпті тәнті болдық. Бұл төрағаның үміткерлер еңбегін ерекше бағалап, додада тек мықтылар ғана жеңсе деген адал ниетінен, шынайы қалауынан хабар береді.

Сондай-ақ, уақыттың қадірін біліп, әр сәтін ұтымды пайдалануға үйренген Мыятбековтың байқау жеңімпаздарына арналған бағдарламасы да мазмұнды, қызықты болды. Сот жұмысын таныстырудан басталған экскурсия кейіннен түлеген, түрленген Түркістандық көне де жаңа сәулет орындарын аралауға жалғасты. Марапаттау шарасына дейін тарихи шаһардың сұлулығына танданып, қошеметке көңілі толған жүлдегерлер әлі күнге дейін Түркістан сапарының ерекше есте қалғанын ризашылықпен айтады.

«Жаман адам – құлқынның қара қабы, жақсы адам – адалдықтың алтын тағы» деген екен данышпан қазақ. Сол айтпақшы, Тұрысбек Ерболғанұлы сот саласындағы мінсіз қызметімен адалдықтың алтын тағына әлдеқашан айналған адам. Ол кісі мақтауға да, марапаттауға да әруу емес. Біздікі тек жақсының жақсылығын айту ғана.

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Елдің оңтүстік облысындағы су тасқыны, дауыл сынды дүлей апаттарда жұртшылықты қауіпсіз жерге көшіріп, бүлінген елді мекендерді қалпына келтіру де осы әскери бөлімге жүктелген. Селдің алдын алу мақсатында қорғаныс бөгеттерін салу, су тасу қаупі бар өзен-көл арналарын түзеу, апатты

орындардан халықты көшіру, төтенше ахуал салдарынан қиындыққа тап болған азаматтарды құтқару сынды жауапкершілігі аса ауыр әрі қауіпті міндетті мойнына алған мамандар жұмысы мақтауға да, мақтануға да лайық.

«Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» – деп, батыр баба-

мыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, 28237 әскери бөліміндегі жас сарбаздар Бағлан Талғатұлындай білікті де тәжірибелі басшыдан, офицерлер мен басқа да әскери қызметшілерден тәлім-тәрбие алып шынығуда.

ТЖМ тағы бір әскери бөліммен толықты
Біздің еліміз үшін адам өмірі мен оның қауіпсізді-



Маман сөйлесін

Кез келген жағдайда сақадай сай тұрамыз

Сан ғасыр бойы аумалы-төкпелі кезеңді басынан өткізген еліміздің күштік құрылымдары бүгінде өз міндетін толық айқындаған. ТЖМ әскери бөлімінің негізгі міндеті ел аумағындағы апаттың алдын алу және оның салдарын жою болып табылады. Қазіргі күні табиғи апатқа, оның ішінде су тасқыны, өрт, жер сілкінісіне қарсы жұмыстар ТЖМ тарапынан қарқынды түрде жүзеге асырылуда. Мысалы, Алматы облысы су басу қаупі бар аймақ. Сондықтан, біздің бөлім екі аптадан бері Жамбыл ауданындағы Қарасу, Сарыбай, Ұзынағаш, Қарғалы ауылдарында селдің алдын алу шараларын жасап жатырмыз. Арықты тазалап, құм толтырылған қаптармен бөгеттер жасадық. Сонымен қатар, 28237 әскери бөлімінің жауынгерлері ел аумағы мен өзге де мемлекеттерге жеткізілетін жүкті тасымалдауға көмектеседі. Соның бір мысалы, дәл қазіргі уақытта жер сілкінісінен зардап шеккен Сирияға жіберілетін гуманитарлық көмекті біздің жеке құрам көліктерге тиіп, аэропортқа апарып ұшақтармен жөнелтуде.

Біздегі әрбір құтқарушы кез келген тосын жағдайда тез арада көмек беруге дайын. Дабыл қағылған бір сағат ішінде сақадай сай тұрамыз. Еліміздің кез келген аумағына шұғыл түрде жете аламыз. Бұл үшін бізде қажетті жағдайдың бәрі жасалған.

Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімдері республиканың барлық аймағында бар. Олар халыққа төтенше жағдайдың қаупі, өрттен, судан, зілзаладан сақтану жолы жайлы жадынама беріп, тығыз байланыста жұмыс істейді. Мысалы, тұрғындарға зілзала кезінде қандай әрекет етуі керектігі туралы нұсқаулықтар таратылады. Жаз айында біздің әскери бөлім Қонаев қаласындағы көлде демалушыларға су қауіпсіздігін сақтау ережелерін түсіндіру жұмыстарымен айналысады. Ал, жылыту маусымы басталған кезде Жамбыл ауданының төтенше жағдайлар қызметкерлерімен бірігіп, өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша әскерту жасаймыз.

Іле өзенінің бойында «Жартасты қала – Астана» деп аталатын оқу-жаттығу орталығы бар. Сол жерде жыл сайын республикалық-халықаралық дәрежедегі оқу-жаттығулар өтеді. Халықаралық құтқарушылар келеді, олармен жарыстар өткізіп, тәжірибе алмасу бізде бұлжымас дәстүрге айналған.

Айдос БАЙШАҒЫРОВ,
28237 әскери бөлімі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бөлімшесінің офицері, капитан

Жедел сұхбат

Ляйля БЕЙСЕМБАЕВА,
№28237 әскери бөлімінің психологы:

«БІЗГЕ САН ЕМЕС, САПА КЕРЕК»

– Жастар Отан алдындағы азаматтық борышты өтеуге дайын болып келе ме, маман ретінде не байқадыңыз?

– Бес саусақтың бірдей еместігі секілді жас сарбаздар да әртүрлі. Олардың арасында психологиялық, физикалық жағынан да өте мықты немесе өте әлсіз балалар бар. Мысалы, сондай әлсіз жастардың уақыттың көбін телефонда өткізгені, яғни, үйден шығып, таза ауа жұтпағаны, ойнап өспегені бірден білінеді. Сондықтан, ата-аналар баланы кішкентайынан спорттық, т.б. үйірмелерге беріп, қажетті нәрсені өздеріне жасатып, үйреткені жөн дер едім.

Бір мысал, Қызылағаштағы су тасқыны кезінде 24 күн сонда болдым. Ол уақыттағы жастар бәріне дайын болды. Қаза болған адамдарды судан өздері алып шықты. Рухы мықты, ештеңеден тайсалмай, халыққа қолынан келген көмекті жасады. Сол он жылдан аса уақыт бұрынғы сарбаздар мен қазіргілерді салыстыру қиындау.

– Төтенше оқиғалар салдары сарбаздар психологиясына кері әсер етпей ме?

– Сарбаз-

дарға психокоррекциялық жұмыстарды үнемі жүргіземіз. Мысалы, өрт, су тасқыны, т.б. табиғи және техногендік сипаттағы апаттардың салдарын жоюға қатысып келгеніне олармен тренингтер өткіземіз. Сержант, офицер, сарбаз, қай-қайсысына болсын қайғылы жайттар адамның психологиясына әсер етпей қоймайды. Сондықтан, бізде бұл тұрғыда жүйелі жұмыс жүргізіледі. Айтып өтерлігі, әскерге алғаш келгендер алдымен оқу-әдістемелік жаттығу жұмысынан өтіп, бейімделеді. Ант қайылдаған соң ғана сарбаздар қатарына қосылады.

Әскерге бала іріктеуде көбіне адам санына басымдық берілетіні шындық. Бізге шын мәнінде сан емес сапа, яғни, денсаулығы жарамды сарбаз керек. Өйткені, әскери өмір қарумен байланысты. Ата-аналарға бауыр еті баласына ел қорғайтын азамат ретінде қарап, сол мақсатта тәрбиелесе деген тілегіміз бар.

– Рақмет.



гі қашанда басты орында. Мемлекет басшысының 2020 жылы Төтенше жағдайлар министрлігін қайта құруды тапсырғаны осы ұстанымның дәлелі. Жұмысын қайта жасақтаған ТЖМ құрамы үш аумақтық әскери бөліммен іске кіріскен болатын. Атап айтқанда, әскери бөлім орталығы Қарағанды, Семей, Алматы өңірлерінде орналасты. Бұл әскери құрамға негізінен орталық, шығыс пен оңтүстік аймақтағы төтенше жағдайларда шұғыл әрекет ету жауапкершілігі жүктелді. Алайда, республикамыз-

да сондай-ақ, шет елдерде болған тосын оқиғалар халық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді нығайту қажеттігін көрсетті.

Осыған орай, ҚР Үкіметі «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің кейбір мәселелері туралы» қаулысын қабылдап, соның негізінде ТЖМ қызметінің ауқымын кеңейтті. Солардың бастысы ретінде еліміздің батыс өңірінде, яғни, Ақтөбе қаласында жаңа әскери бөлім ашылғанын атап өтуге болады. Бұған қоса, өрт сөндіру, құтқару, «Қазсел-

денқорғау» сынды мекемелер штаттары жаңартылды. Жалпы алғанда, биыл аталған министрлік құрамы 1600-ден астам маманмен толықты. Қызметкерлер санының өсуі, арнайы қызметтің қажетті техника, құрал-жабдықпен жоғары деңгейде қамтамасыз етілуі өз кезегінде елдегі төтенше жағдайдың алдын алуға, олардың салдарын жою жұмысының жеделдігі мен сапасын арттыруға ықпал етері анық.

Дайындаған
Түймегүл ИБАШЕВА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кейбір түйткілді шешу үшін шұғыл шаралар қабылдауға тура келді. Мәселен, 2022 жылдың 19 тамызындағы қатты желден кейін Жәнібек аудандық соты ғимаратының шатыры мен құрал-жабдықта-ры пайдасыз болып қалды. Осыған байланысты жедел түрде төтенше жағдай талабына сай облыс және аудан әкімдіктерінен қолдау-көмек сұрап, облыс әкімі аппаратының басшысы Абат Шыныбековпен сөйлескенімізде, ол ғимараттың төбесін жөндеуге республикалық бюджеттен ғана қаржы бөлінетінін алға тартып көмек беруден бас тартты. Мәсе-ленің мән-жайын түсіндіру үшін облыстың бұрынғы басшысы Ғали Есқалиевтің қабылдауында болып, одан кейін ресми хат жолдасақ та, қолданыстағы бюджеттік заң та-лаптарына сілтеме жасап, сырғытпа жауап берумен шектелді.

Сонда бір ғана сұрақ туындайды, табиғаттың тосын мінез танытуынан зардап шеккен мекемелерге облыс әкімшілігінің республикалық, болмаса жергілікті бюджетті желеу етіп ешқан-дай көмек бермеуі қаншалықты дұрыс? Аталған мән-жайды негіздей келе, жа-уын-шашын басталмай тұрып мәселені тез арада шешу үшін Жоғарғы Соттан



Мәлік КЕНЖАЛИЕВ,
ҚР Сот әкімшілігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің басшысы

«СОТ ӘКІМШІЛІГІ - ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНЫҢ ТЫЛЫ»

көмек сұрап, соттың өз қаражатына ғимарат шатырын ауыстырып, жөндеу жұмысын аяқтадық.

– Жергілікті әкімдік пен сот билігі арасында өзара түсініспеушілік бар секілді?

– Иә, жергілікті әкімшілікке сот құрылымы басқа мемлекеттен кел-ген тәрізді, алайда облыс аумағында орналасқан барлық мемлекеттік ор-гандардың бір ғана міндеті, ол халқы-мызға қызмет ету, басқа бағыт болуға тиіс емес. Оқыс жағдай орын алғанда қарағайдың қос бұтағы секілді қар-сы шықпай, өзара ымыраға келуіміз керек еді. Қалалық, аудандық және оған теңестірілген соттардың матери-алдық-техникалық жағдайына байла-нысты мәселе шаш-етектен. Мысалы, облыс орталығынан 45 шақырым жер-де орналасқан Бәйтерек аудандық соты еңселі екі қабатты ғимаратта орналасқан. Ал ғимарат ішіне бас сұқсаңыз, бөлмелерінің әбден тозығы жеткенін көресіз. Жертөлесіне су кір-ген, жағымсыз иіс мүңкіп тұр.

Жақында Президент Жарлығымен А.Мәженова Бәйтерек аудандық сотына төраға болып тағайындал-ды. Осы жұмыс сапарымда аудан әкімшілігіне, судьялар мен сот қы-зметкерлеріне жаңа төрағаны та-ныстырып, ғимаратты аралап, кез-десулер өткізіп, жұмыс жоспарын белгіледік. Сол кезде аудан әкімі Мәрт Тоқжановтан сот ғимаратын жөндеуге көмектесуін сұрап, ортақ келісімге келгендей болдық.

– Билік үшін емес, бұқараға да оңтайлы болуы керек қой.

– Әлбетте, сот үдерісін өткізу хал-лық үшін тиімді болуы тиіс. Мысалы, Казталов аудандық сотының ғимара-ты ескі, бөлмелері тар, сотқа келген тұрғындарға ыңғайсыз, сот ғимара-тында белгіленген заман талабына сай құрылғылар жоқтың қасы. Хал-лықаралық стандартқа сай сот ғима-ратының кіреберісінен-ақ адамдардың отыруына жағдай жасалуы тиіс. Сот процесінің қашан болатыны, кейінге шегерілген уақыты, сот үдерісіне қал-тысушылардың құқығы мен міндеті көрнекі жерде жазылып тұруы тиіс. Өкінішке қарай, аудандық соттарда осы қарапайым стандарттар сақтала бермейді. Аудан әкімдерімен жүздесіп, сот үдерісін өткізуге арналған нысан-дарды жаңартып-жаңғырту жұмысын жандандыру керек екенін айтудай айтып жатырмын.

– Былтыр облыс әкімі ауысты ғой. Өңір басшысы Нариман Төреғалиұлымен жоба-жоспарды пысықтап үл-гердіңіздер ме?

– Әрине, ауызды кү шөппен сүрте беруге болмас. Облыс әкімі Нариман Төреғалиұлы өз өңіріміздің азаматы. Екеуара сөйлескенімізде облыс бас-шысы ісімізге қолдау білдірді. Бөкей-ордасы аудандық сотының ғимаратын салу үшін 2020 жылдың 14 желтоқса-нында облыстық бюджеттен 182 мил-лион теңге бөлу туралы әкімдік қаулы-сы шыққан еді. Осы уақытқа дейін сот

ғимараты салынбады. Себебі, елімізде қымбатшылық күшейіп, жағдай күрт өзгеріп, бұдан екі жыл бұрын жа-сақталған жобалық-сметалық құжат-тама пайдаға аспай, қайтадан 2023 жылдың талабына сай құрылыстың сметалық құнын нақтылау қажет бол-ды. Осы құжат облыс әкімі Нариман Төреғалиұлы тарапынан қолдау та-уып, қазіргі жағдайда аталған жұмы-стар іске асуда.

Өңір басшысы бүгінгі есеп-қисапқа сай сметалық құжаттамаға түзету енгізуді тапсырды. Аудан әкімі Нұр-лыбек Даұмов та жер актісін жасап, құрылыс жобасына қажет барлық құжатты пысықтағандарын, аудан прокуратурасының жанынан үлкен жер телімін бөлгенін айтты. Сот жүйе-сіндегі стандартқа сәйкес ғимарат қал-лай салынуы керектігіне байланысты ақыл-кеңесімді, ұсынысымды ортаға салдым. Осы аудан орталығында ма-мыр айының аяғында ғимарат құрылы-сы басталады деген үміттеміз. Одан бөлек, Казталов аудандық сотына

арналған жаңа ғимарат салу жоспарда бар, оған құрылыс жобасына қажет құжаттамалар дайындалуда. Казталов ауданының әкімі Рүстем Зұлқашев жер учаскесі белгіленген орынды көрсетіп, сот тарапынан қолдау тапты.

– Мәлік Сәбитұлы, қазіргі уақытта Казталов ауданы-ның Жалпақтал ауылындағы №2 сот пен Ақжайық ауданы-ның Тайпақ ауылындағы №2 соттың жабылатыны тура-лы мәселе көтеріп жатқанын білеміз. Алыстағы ауыл-аймақ тұрғындары енді аудан орта-лығына сабылуға мәжбүр бола ма?

– Казталов ауданының №2 соты мен Ақжайық ауданының №2 сотының жабылатыны туралы Жоғарғы Сот-тан нұсқау келгені рас. Алайда, бұл соттардың жабылуы жергілікті халық үшін дұрыс еместігін, облыстық соттың төрағасы 2022 жылдың ақпан айында жазса, мен 2022 жылдың шілде, қазан айларында ҚР Жоғарғы Соты кеңесінің төрағасына, ҚР Жоғарғы Сот департа-ментінің басшысына, сонымен 2787 шешім шығарылды. Облыс соттары 2022 жылы 1 355 қылмыстық істі аяқтады. 1163 қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты. Есепті кезеңде 1297 адам сот-талды. 527 адамға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалды. Аса ауыр қылмыс жасаған 42 адам, ал қылмыстың ауыр түрлері бойынша 684 адам сотталды. Оның ішінде 291 адам жазасын түрмеде өтейді. Сот үдерісін мұқият қадағалап, ақпараттық-талдау жұмысын жүргіземіз. Сот актілерінің уақытылы салынбауы, процессуал-дық мерзімнің бұзылуы, арыздардың уақытылы тіркелмеуі мен бөлінбеуі, атқарушылық құжаттардың орындау мерзімінің бұзылуы және сот отыры-сының дәл уақытында басталмауына қатысты мәселені қадағалап, ұдайы сын-ескертпе жасауға құзыретіміз бар. Бір сөзбен айтқанда, сот төрелігін судьялар жүзеге асырса, ұйымдастыру шараларын біздің мекеме атқарады.

сот саласындағы басшы құзырлы ор-гандар, халықаралық сот әкімшілігінің талабына сүйене бермей, жергілікті халықтың жағдайын, тұрмыстық-әлеуметтік түйткілдерін есепке алып, сараптауы қажет деп ойлаймын. Тағы да айта кетейін, бұрынғы әкім Ғали Есқалиевке әріптестік тұрғыда екі аудандық сотты таратпау мәселесімен айналысуын сұрағанда, әкімдік та-рапынан ешқандай қолдау болмады. Ал жаңадан тағайындалған облыс әкімі Нариман Төреғалиұлының қол-дауымен бұл жұмыс қайтадан қолға алынып, қаралуда. Алайда, мәселе қалай шешілері бізге беймәлім.

– Сонда барлық қам-қаре-кет зая кетті ме? Түсінгенім, аталған мекемелердің тағды-ры әлі де қыл үстінде тұр ғой?

– 2023 жылдың 14 қаңтарында облыс әкімі Нариман Төреғалиевтің қабылдауына жазылып, өңір басшысы-на Жалпақтал мен Тайпақ ауылдарын-

Қазіргі уақытта сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар соттың тәуелсіздігін қағаз жүзінде емес, нақты іс жүзінде іске асы-руға мүмкіндік береді деген ойдамын. Судьяның істі қарау жұмысына араласуға тыйым салынған. Тараптар сот ісіне қатысты шағымдануға құқылы. Заң бәріне бірдей!

дағы сот мекемелерін сақтап қалуға ықпал етуін сұрадым. Нариман Төреға-лиұлы мені мұқият тыңдаған соң, Астанаға жұмыс сапарымен барып, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиевпен тікелей жүздесіп, мәсе-ленің мән-жайын түсіндірген.

Жаңадан тағайындалған Жоғарғы Соттың төрағасы Асламбек Мерғалиев – Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болып қызмет атқарған, аудандық, қалалық, облыстық соттың судьялары қызметін атқарған, барлық мән-жайды жан-жақты білетін азамат. Өңірлердегі жұртшылықтың жай-күйімен жақсы таныс. Әзірше бұл мәселе басы ашық күйінде тұр. Іс оңтайлы шешіледі деп үміттенеміз.

– Сот жұмысының сапасын арттыруда сот әкімшілігінің рөлі қандай?

– Алдымен жыл қорытындысы бойынша деректерді қысқаша баяндап өтейін. 2022 жылы облыс соттарында 13 381 азаматтық іс аяқталды. Оның ішінде 7 333 азаматтық іс бойынша сот шешімі шықты. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен 2787 шешім шығарылды. Облыс соттары 2022 жылы 1 355 қылмыстық істі аяқтады. 1163 қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты. Есепті кезеңде 1297 адам сот-талды. 527 адамға бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындалды. Аса ауыр қылмыс жасаған 42 адам, ал қылмыстың ауыр түрлері бойынша 684 адам сотталды. Оның ішінде 291 адам жазасын түрмеде өтейді. Сот үдерісін мұқият қадағалап, ақпараттық-талдау жұмысын жүргіземіз. Сот актілерінің уақытылы салынбауы, процессуал-дық мерзімнің бұзылуы, арыздардың уақытылы тіркелмеуі мен бөлінбеуі, атқарушылық құжаттардың орындау мерзімінің бұзылуы және сот отыры-сының дәл уақытында басталмауына қатысты мәселені қадағалап, ұдайы сын-ескертпе жасауға құзыретіміз бар. Бір сөзбен айтқанда, сот төрелігін судьялар жүзеге асырса, ұйымдастыру шараларын біздің мекеме атқарады.

– Судьялар мәртебесі тура-лы айтсаңыз. Іс жүзінде олар дербес шешім шығара ала ма?

– Судьялардың тәуелсіздігі заңмен белгіленген, заң бойынша сотқа жолданған өтініштерді, арыздар мен шағымдарды басқа ешқандай құзыр-лы органдардың, лауазымды немесе өзге де адамдардың қарауына немесе бақылауға алуына тыйым салынған, және заңмен жауапкершілік белгілен-ген.

Алайда, судьялардың, халық ара-сында дау туғызатын кейбір нақты істерді қарау барысында, тараптар, әлі шешім қабылданбаған істер бойынша ақпарат құралдары арқылы «интер-нет» жүйесінде талқыға салып, өз ой-ларын алдын ала білдіріп, ақ-қарасын өздерінің пайымдауы бойынша шешіп тастап, айқай-шу туғызып, судьяның заңды шешім қабылдауына кедергі жа-сап, жұмысына қысым көрсетіп, ақпа-рат құралдары арқылы өз ықпалын жүргізгісі келіп тұратын жағдайлар кездесіп тұрады. Сондықтан, қазір-гі уақытта сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар соттың тәуел-сіздігін қағаз жүзінде емес, нақты іс жүзінде іске асыруға мүмкіндік береді деген ойдамын. Судьяның істі қарау жұмысына араласуға тыйым салынған. Тараптар сот ісіне қатысты шағымда-нуға құқылы. Заң бәріне бірдей!

Сұхбаттасқан
Нұртай АЛТАЙҰЛЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

«ДӘРІГЕР - АДАМДЫ, ЗАҢГЕР - ҚОҒАМДЫ ЕМДЕЙДІ»

Ел аузындағы «Дәрігер – адамды, заңгер – қоғамды емдейді» деген сөздің заңгерлер қауымына артар жүгі ауыр. Сондықтан, олар өздері өмір сүріп отырған орта азаматтарының құқықтық білім-білігі мен мәдениетінің жоға-ры деңгейге жетуіне атсалысулары тиіс. Осы мақсатта жұртшылыққа сот шығыстары, оның ішінде мемлекеттік баж туралы қысқаша түсіндіріп өтуді жөн көріп отырмыз.

Жалпы алғанда, сот шығыстары мемлекеттік баж бен өзге де шығындардан тұрады. Мемле-кеттік баж түсінігіне келсек – бұл заңдық мәні бар әрекеттер жасағаны немесе маңызды құжаттар бергені үшін төленетін міндетті төлем. Ол сотқа берілетін талап арыздар мен ерекше талаппен іс жүргізу, сот бұйрығын шығару, атқару парақта-рын, олардың телнұсқаларын, көшірмелерін беру туралы, т.б. заңмен айқындалған арыздар мен өтініштерден алынады.

Мемлекеттік бажды міндеттеумен қатар одан босату немесе төлеуді кейінге қалдыру мүмкін-дігі де заңмен қарастырылған. Нақты айтқанда,

мемлекеттік бажды төлеудің тәртібі мен мөлшері, сондай-ақ, оны төлеуден босату, қайтару негіз-дері Салық кодексінде көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

Мәселен, аталған кодекстің 610-бабымен не-кені бұзу туралы талап арызға 0,3 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) белгіленген. Быылғы жылы бір АЕК – 3450 теңге болып бекітілді. Егер некені бұзу кезінде дүние-мүлік бөлінсе, онда мемлекет-тік баж сомасы осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес талап бағасымен анықталады

Соттың шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары, өзге де қаулыларының көшірмелері мен тел-

нұсқаларын, сонымен қатар, іске қатысатын тараптардың өтініші бойынша берілетін құжаттар көшірмелерін қайтадан беру туралы арыздар үшін әр құжатқа 0,1 АЕК, дайындалған әрбір бетке 0,03 АЕК алым көзделген. Мемлекеттік баж міндетті төлем, сондықтан, ол төленбеген жағдайда талап қою қараусыз қалдырылады. Әрі ол талап қоюшыға қайтарылады.

Азаматтық процестік кодекстің 104-бабында талап қою бағасының нормалары көрсетілген. Мысалы, оның мөлшері алимент өндіру бойынша талап арызда бір жыл ішіндегі төлем жиын-тығына сай анықталады. Тұтынушы құқығын қорғау туралы талап арызда мемлекеттік баж тиісті шешім қабылданған соң төленеді. Сот бұл жөнінде ұйғарым шығарады. Шешім қабылданған кезде мемлекеттік баж төлеуге байланысты шығыстар шешім пайдасына шығарылмаған та-рапқа жүктеледі.

Талап қою бағасын білу қандай да бір қиын-

дық тудырса мемлекеттік баж мөлшері алдын ала, яғни, істі сот талқылауына дайындау саты-сында анықталады. Істі қарау барысында талап қою талаптары қосымша артуы мүмкін. Мұндай кезде іс ұлғайған талаптар бөлігінде қаралады. Бұл үшін талап қоюшы мемлекеттік бажды сот белгілеген уақытта төлеп, түбіртегін ұсынуы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда талап қою талаптарын ұлғайту туралы арыз кері қайтарылады. Яғни, іс бастапқы мәлімделген талаптар шегінде ғана қаралып, шешіледі. Егер талап қоюшы мемлекет-тік бажға қосымша төлем жасағысы келмесе, не үшін сот уәжімен келіспейтіндігі жөніндегі дәлел-дерін апелляциялық шағымда көрсете алады.

Бірінші саты, сондай-ақ, апелляциялық саты соттарында тараптар жасаған татуластыру келісімдерінің шарттарында талап қою талап-тарының мөлшері ұлғайтылып немесе даудың нысанасы өзгертіліп жатса қосымша төлем жа-салмайды. Сот ісін жүргізуге байланысты өзге де шығындар АПК-нің 108-бабымен нақтыланған. Сот шығыстарын бөлу Азаматтық процестік ко-декс нормаларына сай жүзеге асырылады.

Бибігүл ЖУСУПОВА,
Түркісіб аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

СОТҚА ДЕЙІНГІ ХАТТАМАНЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

Жыл басында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық процестік заңнаманы жетілдіру, дауларды соттан тыс және сотқа дейінгі реттеу институттарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қабылданған заң қолданысқа енді.

Аталған заң бойынша Азаматтық процестік кодекстің 150-бабына өзгерістер енгізіліп, қазіргі таңда азаматтық істерді қарайтын соттар талап келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шешеді.

Азаматтарға қарапайым тілде түсіндіре кетсек, талап қою түскен күннен бастап, судья тараптарға талап қоюдың түскені туралы хабарлама жіберіп, тараптарды сотта істі қозғағанға дейін сотқа дейінгі хаттаманы әзірлей отырып, татуласу рәсімдеріне қатысуға шақырады. Сонымен бірге, хабарламада тараптар дауды шешу үшін татуласу келісімін, медиация келісімін жасауға, партисипативтік рәсім тәртібімен реттеуге құқылы екендігі, тараптардың және іске қатысушы басқа адамдардың өз талаптарының негізі ретінде сілтеме жасауға ниеттенген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу туралы іс-әрекеттерін көрсететін сотқа дейінгі хаттама жасауға және оларды іс сотта қаралған жағдайда пайдалануға құқығы бар екенін түсіндіреді.

Іс қозғалғанша сотқа дейінгі хаттаманы әзірлей отырып, татуласу рәсіміне қатысу қарым-қатынастарды сақтауға, моральдық және материалдық шығындарды барынша азайтуға, дәлелдемелермен алмасуға, сот талқылауының күтілетін нәтижесін болжауға, дау бойынша

ымыраға келуге және дауды сотсыз шешуге мүмкіндік береді. Сотқа дейінгі хаттама осы кодекстің 73-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сәйкес жасалған жағдайда, талап қоюды қабылдау ол келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, тараптар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, татуласқан жағдайда судья 15 жұмыс күні ішінде азаматтық істі қозғау және сот талқылауына дайындау туралы ұйғарым шығарады.

Жоғарыда көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, талап қоюды қабылдау мерзімінің шеңберінде тараптар өздерінің талаптарының негізі ретінде сілтеме жасайтын дәлелдемелерімен көрсетіп сотқа дейінгі хаттама жасауға құқылы.

Сотқа дейінгі хаттаманы жасау тараптарға дауды соттан тыс реттеу мүмкіндігін пайдалануға береді.

Жақында, Тасқала аудандық сотымен талап қоюшы «А» ЖШС-нің жауапкер «К-дан» берешек сомасын өндіру туралы азаматтық іс қаралып, медиация тәртібімен тоқтамға алынды.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюмен жүгініп, 2019 жылы жауапкер займ шарты бойынша 100 мың теңге алып, бүгінгі күнге дейін қайтарылмағандықтан, жауапкерден 200 мың теңге берешек сомасын, 4 233 теңге атқарушылық жазбаны жасағаны үшін шығындарды, 6000

теңге төленген мемлекеттік бажды өндіруді талап еткен. Судья тараптарға талап қоюдың түскені туралы хабарлама жіберіп, тараптарды сотта істі қозғағанға дейін сотқа дейінгі хаттаманы әзірлей отырып, татуласу рәсімдеріне қатысуға шақырды.

Тараптар сотқа татуласқаны туралы арыз, сотқа дейінгі хаттаманы және дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді жіберіп, келісімді бекітіп, істі өндірістен тоқтатуды сұраған. Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бойынша талап қоюшы «А» ЖШС-ның берешек сомасын 154 563 теңгеге дейін азайтады, ал жауапкер «К» талап қоюды мойындап, ағымдағы жылдың шілде айына дейін ай сайын 25 760 теңгеден талап қоюшыға қайтарады. Жауапкермен келісім орындалмаған жағдайда, талап қоюшы атқарушылық құжат негізінде мәжбүрлеп орындауға тапсыратынын көрсеткен.

Сот ұйғарымымен дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім бекітіліп, іс өндірістен тоқтатылған. Аталған ұйғарым бойынша талап қоюшыға төленген 6 000 теңге көлемінде мемлекеттік баж кері қайтарылған.

Сотқа дейінгі хаттаманы жасаудың артықшылықтары – тараптар талап қоюды сот талқылауына қабылдау сатысында талап қоюдың негізділігі, дәлелдемелердің жеткіліктілігін біле тұра, дауды тез арада бейбіт шешуге ықпал етеді.

А.ТЕБЕРИКОВА,
Тасқала аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

ӘРБІР ЗАҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ ТИІС

Ата Заңда «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деп жарияланған. Яғни, ол тек қазақтардың ғана емес, этнос өкілдерінің де мемлекеттік тілі. Қандай қоғам болса да өзара түсінісу үшін ортақ тіл таңдайды, қазақ тілі – барлық қазақстандықтың ортақ тілі.

Ортақ тілі болған соң олардың осы елде өмір сүру, жұмыс істеу, өзара қарым-қатынасқа түсу тілі болуы тиіс. Барлық елде солай. Францияда тұрғындардың баршасы француздар емес, бірақ олардың барлығы француз тілінде сөйлеуді міндет санайды. Қытайда да, Ресейде де, Испанияда да солай. Өйткені, «бір мемлекет – бір тіл» ұғымы өркениетті елдердің барлығы үшін аксиома. Онсыз ортақ құндылықтардың қалыптасуы қиын. Мемлекет – ортақ үй, ортақ ұжым ретінде қалыпты өмір сүруі, дамуы керек. Сол үшін сол мемлекеттің азаматтығын алған адамдардың барлығы ортақ мемлекеттік мүддені жоғары қояды.

Мемлекет нығайғанда ғана жеке адамдардың бейбіт өмірі, тыныштығы сақталады және ел азаматтары өзінің қабілетін толық ашып орнықты қызмет істей алады, белгілі бір беделге ие болады, дәулетті асады. Ал өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің ең басты белгілерінің бірі мемлекеттік тілін білмеу, тіпті, білгісі келмеу, мойындамау – сол мемлекеттің рухани жағынан ортақ үлкен ұжым болып қалыптаса алмағандығын байқатады. Қазіргі Қазақстан жағдайында азаматтардың мемлекеттік тілді үйренуіне барлық жағдай жасалып жатыр. Тілді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы жасалған, тілді үйретуге арналған әртүрлі оқу құралдары бар, мемлекеттік тіл орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызметте, ұлттық орталықтарда тегін оқытылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін

айтты. Расында, бір тұрғының астында күн кешкен халықтың біртұтас ұлт болып қалыптасуы үшін мемлекеттік тілдің өз функциясын атқаруы – заңдылық. Әйтсе де, мемлекеттік тіліміздің қолданысы әлі күнге өзекті мәселе болып келеді. Мұның бір мысалы – заңдарымыздың мемлекеттік тілде жазылмауы. Мысалы қазірге дейін «Көші-қон туралы» және «ҚР бала құқықтары туралы» деп аталатын екі заң ғана мемлекеттік тілде қабылданған. Қалған заңдар орыс тілінде қабылданып, кейін қазақ тіліне аударылған. Сондықтан болар, көпшілігіміз заңның мемлекеттік тілдегі баптарын орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып қана толық түсінеміз. Себебі, заңдардың қазақ тіліндегі нұсқасының сөйлемі өте күрделі. Заңмен күнделікті шұғылданатын заңгерлердің өзі түсінбей тұрғанда, қарапайым адамның қаншалықты қиналатыны айтпаса да белгілі.

«Құқықтық актілер туралы» заңның 24-бабының 3-тармағында «Қазақ және орыс тілдеріндегі нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері теңтүпнұсқалы болуға тиіс» деп жазылған. Бірақ бұл қазақша заң мәтіндерінің түпнұсқа екенін білдірмейді. Тек аударылған мәтіннің мазмұны түпнұсқадан ауытқымайтынын аңғартса керек. Дегенмен, орыс тілінің қалыбына салынып дайындалған қазақша мәтіндердің калькаға ұрынбауы неғайбыл. Осыдан келіп заңның қазақ тіліндегі нұсқасы қарапайым жұртқа ұғынықты бола бермейді. Тіпті, оны судьялардың өздері де әрең түсінеді. Олардың көп жағдайда орысша



мәтінге сүйене отырып қазақ тілінде іс жүргізетіні баршаға мәлім.

Қазір қоғам да, адами құндылықтар да өзгерді. Ой мен сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар жаңаруда. Бүгінгі қалыптасқан демографиялық және миграциялық үдерістерді, ұлттық сана-сезімнің өскенін ескерсек, алдағы уақытта ендігі ұрпақ қазақ тілінің мемлекеттік қолданысын тез арада кеңейтуді талап етуі – заңдылық. Осы ретте әрбір заңды тек қазақ тілінде қабылдайтын уақыт жетті деп білемін. Өйткені, басым бөлігі қазақша сөйлейтін халыққа барлық құжаттар толыққанды түсінікті болуы үшін заңдар мемлекеттік тілде дайындалуы керек.

Жалпы, Президент айтқандай мемлекеттік тіл ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналып, заңның қазақша мәтіні баршаға түсінікті болуы тиіс. Қазақ тілінде жазылған заңды қарапайым халықта жақсы түсінуі қажет. Мемлекеттік тілдің заң тілі ретінде бекітіні, Ата Заңымыз рухани жаңғырытын, қазақ тілі заңның тіліне айналатын кез келді.

Рахат АККАСИНОВ,
Жалағаш аудандық сотының бас маманы,
Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу елімізде бүгінгі күннің күрделі мәселелерінің бірі. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі елдердің қайсысын болмасын қатты алаңдататыны анық.

АДАМДЫҚ БОРЫШ ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕН БАСТАЛАДЫ



А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Бабаларымыз «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Олардың әділдік пен турашылықты ту еткендігін ғасыр қайраткерлері Төле, Қазыбек, Әйтеке және тағы басқа да біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 ақпанда Ақордада өткізілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері» жөніндегі кеңесте – сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтың бірі екенін, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек екенін атап көрсетті.

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күресу бағытында кейінгі жылдары бірқатар жұмыстар атқарылды. Мысалы, сот саласы бойынша соттардың сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды, атап айтқанда, кейінгі үш жыл ішінде 174 судья жұмыстан шарғырылып, және лауазымынан босатылды. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға түскен талап-арыздардың тең жартысынан көбісінде арызданушылар жеңіп шықты.

Елімізде сыбайлас жемқорлықпен күрестің басты бағыты – оның алдын алу, сондықтан 2021 жылдан бастап жалпыға бірдей салық декларацияларын тапсыру басталды.

Әрбір қоғам дамуының күнгей жағы мен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалын жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуде, халқымыздың өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз.

Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сот ісін жүргізу процесінде ақпараттық технологиялар енгізу туралы міндеттерді орындау мақсатында Жоғарғы Сот «сот кабинеті» электронды форматын әзірлеп, көптеген жұмыстар атқарылып келе жатқаны баршамызға ортақ. Жалпылай айтқанда, бұл соттардың электрондық нысандағы қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі.

Қазақстанның сот жүйесі сот ісін жүргізудің тиімділігі мен қол жетімділігін қамтамасыз етуде атқарған маңызды қадамдарының бірі «Сот кабинеті» электронды жобасын енгізу болды деп кәміл айтуға болады. Бұл жүйенің көмегімен азамат, оның өкілі немесе адвокат интернет арқылы үйінен немесе кеңсесінен шықпай-ақ, өзіне ыңғайлы кез келген уақытта әділет органдарына жүгіне алады.

Сонымен қатар, «сот кабинеті» арқылы электронды түрде апелляциялық, арыздар, шағымдар мен өтінішхаттар дайындау және беру сияқты операцияларды жүзеге асыруға болады; мемлекеттік бажды онлайн төлеу; қосылу және деректерді сақтау қауіпсіздігі сервисте электронды сот құжаттарын, сондай-ақ, талап қою туралы ақпаратты, істің динамикасы мен бейнематериалдарды көруге, сақтауға және жүктеп алуға болады. Осы сервис арқылы сіз сотқа талап арыз бере аласыз: апелляциялық шағым/жеке шағым, сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы өтініш, сот актісін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтініш, сот актісін қайта қарау туралы өтініш. Сот актісі, орындалмаған шешімнің күшін жою, сот бұйрығының күшін жою туралы арыз және т.б.

Жоғарғы Соттың интернет-ресурсының «сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисін пайдалана отырып, сотқа электрондық құжаттарды беру тәртібі Қазақстан заңнамасына сәйкес әзірленеді. Осылайша, сот талқылауына қатысу үшін «Сот кабинетінің» қызметтерін пайдалануда электрондық цифрлық қолтаңбаны (ҰКО ЭЦҚ) алу және «сот кабинетінде» тіркеу рәсімінен өту қажет болып табылады. «Сот кабинеті» қызметіне кіру ЖСН немесе БСН, сонымен қатар пароль арқылы жүзеге асырылады. Ал бұл сервистің қызметтерін пайдалану шарттары өте қарапайым. Сот процесіне қатысушыға ҚР Ұлттық куәландыру орталығынан электрондық цифрлық қолтаңба алып, «Сот кабинетінде» стандартты тіркеу рәсімінен өту жеткілікті. Атап айтқанда, онша қиын процесс деп тұжырымдауға келмейді. Тіркелу сәтті өткеннен кейін тұлға «Сот кабинетінің» негізгі бетіне оралу процеске қатысушылардың іс материалдарымен танысу бойынша процессуалдық құқықтарын жүзеге асыруын айтарлықтай жеңілдету, сот құжаттарын зерделеуге кететін уақыт пен шығынды қысқарту мақсатында әзірленгенін айта кеткен жөн. Электрондық сервис аясында қатысушыларға сот құжаттарына онлайн режимде қол жеткізу, істің барысын толық бақылау мүмкіндігі қарастырылған, бұл сот процесінің ашықтығының артқанын көрсетеді.

Қазіргі кезде, жоғары технологияларды енгізу өз алдына мақсат емес, олар заманауи сот төрелігінің атрибуттарына айналуы тиіс – мобильді, ашық және барлығына қолжетімді.

Қарлығаш СЕРІКБЕК,
Түркістан қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

 ТҰСАУКЕСЕР

ТАЛҚЫҒА ТҮСКЕН ТАҒДЫР: ТҮРКІСТАНДЫҚ СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ

Алматыда Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша жарық көрген «Талқыға түскен тағдыр: түркістандық соғыс тұтқындары» деп аталатын монографияның таныстырылымы өтті.

Германияның Түркістанға қатысты саясатын талдауға және түркістандық соғыс тұтқындарының тағдырын анықтауға арналған алғашқы кешенді зерттеу жұмысының авторы – тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлжаухар Көкебаева. Монографияда Германия, Польша, Ресей архивтерінен жинақталған құжаттық деректер пайдаланылған. Олардың басым бөлігі ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отыр.

«Екінші дүниежүзілік соғыстағы түркістандық соғыс тұтқындарының мәселесін бірінші рет 1992 жылы бастадым. Сол кезде Қырғызстанда өткен конференцияда баяндама жасаған едім. Алғашқы кезде бұл мәселеде жалғыз жұмыс істедім. Менде команда болған жоқ. 2015 жылы Борис Жапаров директор болып отырғанда ҚР Президенті архиві



Tutqyn.kz деген сайт ашылатынын айтып, мені жұмысқа шақырды. Жалпы, соғыс тұтқындарын ақтау комиссиясының жұмысы сол кезде басталды», – дейді Гүлжаухар Көкенқызы.

– «Изм» дегеннен арылмай біз өспейміз, өнбейміз. Бұл бірінші нәрсе. Екінші нәрсе қазақтық көзқарас керек. Бұл тақырыпты немістер де жазған, түріктер де, орыстар да,

басқалар да жазған. Әр нәрсеге қазақтық көзқарас, тұжырым керек. Г.Көкебаеваның еңбегін соның басы деуге болады,– дейді тарих ғылымдарының докторы Мәмбет Қойгелді.

Ал Г.Көкебаеваның шәкірті, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының докторанты Еркін Стамшалдың сөзіне қарағанда, бұл ғылыми проблема енді ғана кө-

теріліп отыр. Монографияны қолға алып қарасаңыздар әр тақырыбы бір-бір бағыттың бастау көзі.

«Тақырыптардың маған ұнағаны саяси конъюктурадан барынша ашық, алшақ. Автор бейтараптық сақтаған. Өйткені, зерттеуді саясатқа қарай ыңғайлағанда кейбір нәрсе айтылмайды, кейбір нәрсе көпіртіп айтылады. Мен үшін жаңалық болған тақырып – III Рейх және ислам. Бұл Қазақстан ғылымында бірінші рет көтеріліп отыр. XIX ғасырдың аяғынан бастап немістің саяси доктринасында әртүрлі жағдай болған. Мына кітаптан соның динамикасын көруге болады. Кез келген үкімет сияқты онда да ғалымдар ұсынысын кейде қабылдайды, кейде кері итеріп тастайды. Ең бір қызығы ғалымдардың соғыс ісіне араласқаны. Олар басып алған жерлерді қалай өзіміздің саясатымызға келтіреміз, орыстың ықпалынан қалай алып шыға аламыз дегенде ұлтшылдыққа ғана негіз беруге болмайды. Міндетті түрде наным-сенім, дін керек. Түркі дүниесінің ұлтшылдығы ислам дінімен астасып кеткен дейді. Ғалымдардың пікірі өте жүйелі. Әрине, Германияны періште санауға да болмайды. Алғашқы кезде қаншама мың адамды сүңдеттелгені үшін еврейлермен шатастырып, қырып жіберді. Әйтсе де оны тоқтатуға әре-

кет қылған ғалымдар болды сол кезде. Олар ертең бұлардың әлеуетін пайдаланамыз деп өз мақсаттарын да жасырған жоқ», – дейді ол.

Орталық мемлекеттік архивтің директоры Сәбит Шілдебайдың сөзіне қарағанда, соғыс тарихы Қазақстанда көп зерттелмеген тың тақырыптың бірі. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл мәселеге қатысты жаңаша зерттеулер болған жоқ. Соғыс тұтқындарының мәселесі соғыс тарихының бір бағыты.

«Қазіргі халықаралық жағдайдың жылдан жылға күрделеніп бара жатқандығын Ресей мен Украина арасындағы жағдайдан көріп отырмыз. Барлық нәрсеге Қазақстан дайын болуы керек. Соғыс тарихын зерттеу біз үшін осы жерде өзекті екенін айтқын келеді. Бұрын Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтында Ұлы Отан соғысының тарихын зерттейтін бөлім болды. Онда біз осы уақытқа дейін қазақстандықтардың соғыста көрсеткен ерлігі және Қазақстанның соғыс кезінде арсенал болғандығын көрсетіп келдік. Ал халықтың білуі тиіс мәселе көп. Мысалы, қарулы күштерді басқару аппараты мен жүйесінің қалыптасу тарихын, мобилизация жүргізудің тарихын, соғыс кезіндегі медицинаны, қарулы күштердің құрылымдық бөліміндегі санитарлық бөлімдер тарихын, соғыс кезіндегі байланыс, соғыс жағдайындағы электрониканың қолданылу тарихы мен тәжірибесін, соғыс кезіндегі барлау жүйесін, диверсиялық жұмыстардың тарихын, соғыста өлгендерді жерлеу жүйесін зерттеуіміз қажет», – дейді С.Шілдебай.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МҰРАГЕРЛІК

7. 10.08.2022 жылы қайтыс болған Матенова Мейрамқұл Талипжановнаның және 30.09.2022 жылы қайтыс болған Садыков Рахимжан Абдзавичтің аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлеріне Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуын сұраймын. Кеңсесі Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайда орналасқан. Тел.: 87718175589.

8. 28.09.2022 ж. қайтыс болған аз.Киясов Аскар Манаповичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы бойынша орналасқан мекенжайдағы жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласулары қажет. Тел.: 87014743502.

9. 03.09.2022 ж. қайтыс болған Бауланов Мейржан Есеевичтің атына мұралық іс ашылды. Мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Алматы облысы, Өтеген батыр ауылы, «Қуат» ықшамауданы, Тәуелсіздіктің 10 жылдығы көшесі, 25-үй мекенжайында орналасқан нотариус Г.С. Киргабаковаға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87011115713.

22. 2022 жылы 3 қыркүйекте қайтыс болған азамат Кадиров Изим Мерьякуповичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард 3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайында орналасқан нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ТАРАТУ

6. «Зейін 2023 бөбекжай балабақшасы» ЖШС ұйымы, БСН 230140041552, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Мәншүк Мәметова көшесі, 20Б ғимараты. Тел.: +77475454518.

10. Ломбард «МолТорғай» ЖШС (БСН 130240003047) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 6 үй, тел.: 87055164883.

11. «ДАМУ» облыстық кәсіпкерлер қауымдастығы, БСН 020340007477, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 194/к, 305-бөлме.

ӘРТҮРЛІ

2. «ДИМ Строй» ЖШС, БСН 071040010874, өзіне «TugusKYN Co» ЖШС-н, БСН 140940013547, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Гурьевская көшесі, 112. Тел.: 87073731447.

3. «СпецСтройРемСервис», БСН 110840015990, өзіне «Альянс & Ко» ЖШС-н, БСН 200340017096, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Гурьевская көшесі, 112. Тел.: 87073731447.

4. «ABS Profit» ЖШС, БСН 120640020694, өзінің несиегерлері мен мүдделі тұлғаларға жарғылық капиталдың 345 000 теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Гоголь көшесі, 20 үй, н.п.187.

5. «Альянс & Ко» ЖШС, БСН 200340017096, өзінің «СпецСтройРемСервис» ЖШС-не, БСН 110840015990, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108. Тел.: 87073731447.

20. «KAZ BUILD PRO COMPANY» ЖШС (БСН 951240001629) «Аврора 75» ЖШС-не (БСН 210940010392) қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде қабылданады: Алматы қаласы, Ходжанов көшесі, 79.

21. «Аврора 75» ЖШС (БСН 210940010392) «KAZ BUILD PRO COMPANY» ЖШС-нің (БСН 951240001629) өзіне қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Саурық батыр көшесі, 213Г ғимарат.

29. «TugusKYN Co» ЖШС, БСН 140940013547, өзінің «ДИМ Строй» ЖШС-не, БСН 071040010874, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қаласы, Целинная көшесі, 108. Тел.: 87073731447.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ

Ислам діні тек қана намаз оқу, ораза ұстау, қажылықты өтеу секілді парыз-дармен шектелмесе керек. Қасиетті мәтіндерден аздап хабары бар адам болса, Алла Тағала қоғамдық тәртіпке де мән берген. Басыға бағыну туралы аяттар мен хадистер арқылы елде заңның болуын және қатаң түрде орындалуын талап етіп тұрғандай. Себебі, тәртіп, заң болмаған жерде бейберекетсіздіктің орын алатыны ақиқат.

Ислам дінінің қоғамдық қатынастарда баса назар аударар өзекті бір мәселесі адам және табиғат қатынасы. Өзін мұсылман санаған әр-бір адам табиғатты аялай білуі керек. Табиғат – барша жаратылыстың өзара үйлесімділік тапқан ортақ үйі, жанға сая табар мекені. Елімізде көздің жауын алар, сұлулығы алтынға бергісіз көрікті жер көп-ақ. Біріміз ем іздеп шипалы бұлақ, көл іздесек, енді біріміз көкпен таласқан тауға шығып, көңіліміз рахатқа бөленіп, мәз боп жатамыз. Дегенмен, сондай көрікті жерлерді кейде отап, бірде өртеп, өзен-көлдің жағасына қоқыс тастап кететіні көңіл құлазытады. Ата-бабамыздан қалған «Бұлақ көрсең көзін аш», «Көкті жұлма», – деген нақыл сөз-

дерді қаперге алмай жатқан сияқтымыз. Пайғамбар Мұхаммед (с.а.с.): «Тазалық – иманның жартысы», – деп мұсылмандарды таза болуға шақырды. Әрине, бұл арқылы тек жеке гигиеналық тазалықты айтпаса керекті. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік әрбір адамның өн бойында қалыптасады. Себебі, отанын сүйген адам туған жерінің өзен-көлін, ну орманын таза ұстауы міндет. Бұл арлы адамның ісі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын шет бір мемлекетте халық көтеріліп, үкімет тарапынан егілген бірнеше мың ағаш көшетін жұлып, тып-типыл етті. Айтуларына қарағанда ағаш егу ислам дінінде жоқ. Алайда бізге жеткен хадис шәрифтерге қарар болсақ, ағаш егу

пайғамбар мақтаған ізгі амалдың бірі. Мәселен, Имам Бұхаридың жинағында мынадай хадис шәриф айтылады: «Егер де бір мұсылман көшет отырғызып немесе егін егіп, одан құс не адам немесе хайуан жесе, ол оған сауап»,– деп айтады. Сондай-ақ, тағы бір хадис шәрифте: «Кімде-кімнің қолында құрма ағашының бір тал көшеті болса, қиямет күні басталып кетсе де отырғызып үлгерсін», – деп мұсылмандарға ағаш отырғызуды үндейді. Сол себепті болар халықтың «Бір тал кессең он тал ек», «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» дейтіні.

Ағаштар мен өсімдіктердің ауа қабатындағы көмірқышқыл газдарын өз бойына тартып оттегі бөлетіні ғылымда белгілі жағдай. Бұл бізге осы дүниеімізде жасалған жақсылық. Ал ағаш егудің ақыреттік болған адамға да жақсылығы бар екен. Күллі мұсылмандар иман ететін бір жағдай бар. Ол қабір әлемі. Кейбір мұсылман елдерінде қабір басына ағаш егу, гүл отырғызу дәстүрі қалыптасқан. Себебі, жазаға лайық болған адамның күнәлі істерінің кешірілуіне себеп болады. Алла Елшісінен (с.а.с.) жеткен хадис шәрифте былай дейді: Абдуллаһ ибн Аббастан жеткен риуаят бойынша, Хазіреті Пайғамбарымыз бір зираттың қасынан өтіп бара жатып екі қабірді көрсетіп, сол қабірде жатқан екі мәйіттің азап шегіп жатқандығын сахабаларына айтады. Пайғамбарымыз: «Мына қабірдегі екі мәйіт не үшін азап шегіп жатқанын білесіңдер ме?», – деп сұрағанда

сахабалары: «Алла және Оның Елшісі біледі», – десті. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз: «Бұл екеуі де үлкен күнәнің азабын шегіп жатқан жоқ. Бірі кіші дәреттен сақтанбайтын, екіншісі өсек таситын. Бұлардың қиналып жатқандары әлгі екі әдеттің азабы», – деп үн қатты да, бір жас шыбықты алып, екіге бөліп, екеуінің қабірінің басына егіп қойды. Соңынан: «Осы екі шыбық құрағанға дейін бұл екі адамның қабірдегі азабын жеңілдетеді», – деген екен.

Табиғатты таза ұстауға байланысты бірнеше жыл бұрын ҚР Президенті Қ.Тоқаев мәлімдеме жасай келе, мектеп бағдарлама-сына экологиялық мәдениет пәнін енгізуді ұсынды. Бұл болашақ ұрпақты табиғатты таза ұстауға шақыратын бірден-бір насихат. Он сегіз мың ғаламға Пайғамбар болған Мұхаммед (с.а.с.) былай дейді: «Иман жетпіс неше немесе алпыс неше бұтақтан тұрады. Олардың ең абзалы «Ләә Иләһә Иллаллаһ» деу және ең кішісі, жолдағы қоқысты алып тастау. Ұят та иманның бір бұтағы». Иманды адамға адамдардың жүретін жолын қоқыстан тазарту да құлшылықтың бір бөлігі екенін айтуда. Ал бұлай жасау коммуналдық қызметкерлердің ғана емес, әрбіріміздің қолымыздан келер іс.

Қ.ҚОСМАХАНОВ,
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы

БІЛІМДІ ҰРПАҚ - ЕЛ ТІРЕГІ

Әр ұлттың тарихы мен мәдениетіне, әсіресе, оның тұлғалану болмысына қарайтын болсақ, халықтың ұлт ретінде қалыптасуына, тарихи уақыт сынынан сүрінбей өтуіне ықпал ететін құндылығы оның ана тілінде. Алаш зиялылары сол үшін «тілі мен тарихы жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деп алаңдаған.

Бүгінде Қазақстан сапа тұрғысынан жаңа сатыға көтерілді.

Білімді ұрпақты ел тірегі ретінде қабылдады. Мемлекеттік тіл де өз тұғырына қонды. Тіл – ұлттың игілігі, әрі оның ажырағысыз бөлігі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы соның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілінің

мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Кез келген салада өзге тілді құрметтеу және өз мәдениетін сақтау үшін, мемлекеттік тілді білу парыз.

Альмира УЮМДАСОВА,
Орал қалалық мамандандырылған тергеу сотының жетекші маманы

ТАУСЫЛМАС БАЙЛЫҚ

Мемлекеттік тілдің абыройын асқақтату – әрбір қазақстандықтың борышы. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден сонша биіксің. Қазақ тілі өте бай тіл. Ол – халқымыздың мәдени дәрежесін көтеруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншыл рухта тәрбиелеудің қуатты қаруы. Ана тілі – ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау.

Қазақстан әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену үшін мемлекеттік тілін жоғары ұстауы тиіс. Ғалым Ә.Хасенов: «Қоғамсыз тіл болмайды, тілі жоқ қоғамда – адамзаттың ешбір қауымы болмайды.

Демек, қоғам үшін тіл керек; тілдің өмір сүруі үшін оның қоғамы болу керек. Бұл – ақиқат та тарихи шындық» – дейді.

Қазақ тілі – тек қазақ халқының емес, Қазақстанда тұратын, оны Отаным деп қабылдайтын, өзін Қазақстанның патриоты деп есептейтін азаматтардың тілі.

Н.МАЖИТОВА,
Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Тіл қай елде болсын – қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл әрбір азаматқа ана сүтімен беріліп қалыптасады. Ана сүтімен бойға енген қасиеті туған тілінің арқасында дамиды. Туған тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік бала кезден басталуы керек. Айналада адамдарға, өзіңнің өскен ортаңа, Отанға деген ерекше сезім мен көзқарас та туған тіліңді білуден басталады. Қазақ тілі –

халқымыздың рухани байлығы, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отырған баға жетпес асыл мұрасы. Қазақ тілі қазақ халқының ана тілі.

Қазақстанда тұратын жүзден аса ұлт өкілдері Қазақстанның халқын, соның ішінде қазақ халқының тұрмысын-салтын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, әдебиетін, тілін білуі міндетті. Тілге деген құрмет

– халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Мемлекеттік тіл татулық пен бірліктің тірегі.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

әдетке айналдырған. Ана тілін құрметтеуге деген ниет болса – талпыныс пен жігер, қызығушылық туады. Ұлттың басты байлығы – тілі. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруде әр қазақтың үлесі болуы қажет.

Тәңірберген КАФЕЗОВ,
Батыс Қазақстан облысы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің сот приставы

ДИДАР

Сот жүйесіне заманауи технологияларды енгізу сот ісін жүргізуді біршама жеңілдетті. Соңғы жылдары сот жүйесі ақпараттық технологиялар арқылы электронды іс қағаздарын жүргізуге және сот ісін жүргізуге ауысу бойынша үлкен жұмыстар



ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

атқарып келеді. Қазір күнделікті сот тәжірибесінде соттар IT технологиялар мен ғаламтор ресурстарының мүмкіндіктерін көбірек пайдалана бастады. Себебі, ол сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетіп, оңтайландырады және автоматтандырады, ең бастысы, халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда, барлық соттарда «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS-хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметі енгізіліп, сұранысқа сай қызмет етуде. «Сот кабинеті» арқылы сотқа талап арыз беру, сот отырысының хаттамасына ескерту келтіру, өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау мен біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Міне бүгінде аталмыш сервис 50-ден астам электронды қызмет көрсету мүмкіндігіне ие. Сотқа талап-арызбен жүгінген азамат оның тіркелгені туралы талон алады. Одан кейін электрондық хабарлауға келіскен жағдайда оның ұялы телефонына немесе электрондық поштасына оның арызы бойынша сот құжатының шыққаны және онымен сайт арқылы таныса алатындығы жөнінде логин мен құпия сөз көрсетілген SMS-хабарлама жіберіледі.

Сонымен қатар, сот процесіне қатысушыларды жедел хабардар етуден басқа бұл сервис пошталық хабарламаларды жолдаудан бас тартуға мүмкіндік беретінін атап айтқан

жөн. Бұл пошталық шығындарға бөлінетін бюджет қаражатын айтарлықтай қысқартады.

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасап, құқықтарын онлайн режимінде қорғауға баса көңіл бөледі. Өндірістері істер «TrueConf», «WhatsApp» мобильді қосымшаларының көмегімен қаралуда. 2022 жылы «Сот кабинеті» арқылы электронды түрде 707 талап арыз, 4318 іс бойынша арыздар және 292 апелляциялық, жеке шағымдар түскен. Ал, «WhatsApp» мобильді қосымшасы халық арасында кеңінен қолданысқа ие болып табылатындықтан, сот отырыстарын қашықтықтан кедергісіз өткізуге септігін тигізуде. Сонымен қатар, сот жүйесіне «Гибридті электрондық пошта» енгізілді. Тапсырыс бойынша гибридті жөнелтілмдер технологиясын қолдану кезінде жергілікті соттардан жолдауға арналған ақпарат (сотқа шақыру қағазы) пошта байланысы бөлімшесіне электрондық түрде жолданады, «Қазпошта» АҚ жағында қағазға басылып, соңғы адресатқа жеткізіледі. Бұл ретте жеткізілу немесе жеткізілудің мүмкін еместігі туралы статустар «Төрелік» ақпараттық жүйесінде көрсетіледі.

Сот жүйесінде заманауи технологияларды, оның ішінде жоғарыда айтылған функцияларды пайдалану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, төрешілдік кедергілерді қысқартады, сот органы қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың азаюына септігін тигізеді.

А.БЕРІКОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Алматы облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Атырау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Қызылорда облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Түркістан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 5515 дана Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №25 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты таллап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31